

**Күні:**

**Пән: қазақ тілі**

**Сынып: 9 «А»**

**Өткізген мұғалім: Тулебаева Д.Ж.**

**Сабвқтың тақырыбы: ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ**

**Мақсаты:** ғылыми стильдің тілдік құрылымы, қолданылуы, мақсаты мен тілдік құралдарын ұғындыру; тіл мәдениетін арттыру, логикалық ойлауын дамыту; іскерлік шеберліктерін арттыру.

**Бағалау критерийлері:**

1. Мәтіннің тілін, стилін ажыратады.
2. Топ жұмысында белсенділік танытады.
3. Тест жұмысын орындауда алған білімін тәжірибеде қолданады.

**Сабақтың түрі:** ақпараттық; типі: жаңа білімді меңгерту;

**Әдісі:** түсіндірмелі, мәтінге сұрақ, ой қозғау, талдау.

**Көрнекіліктер:** АКТ, анықтама-мәтін, сабақ құрылымы.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй тапсырмасын сұрау**

**«Жаңғырту»**

Анықтама

Тапсырма

Тексеру

1 2

Орындалатын іс-әрекет

1. «Анықтама». Стиль туралы білімдерін еске түсіру үшін пайдаланылады.
2. «Тапсырма». АКТ берілген жұмыс түрлерін орындайды.
3. «Тексеру». Тапсырманың дұрыс жауабын көрсетілген.

**Анықтама. Стиль** – ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдік құралдарды сұрыптап, пайдалану арқылы ойды жеткізу мәнерінің көрінісі.

**Тапсырмалар**

**1-тапсырма**

Сызба құрастыр

Тіл стильдері

**2-тапсырма «Ойынды айт, дәлелде» (Орындалатын іс-әрекет)**

1. Берілген мәтіннің қай стильмен жазылғанын анықтау, тілдік сипатын ұғындыру.

**1-мәтін.** «Бақтығұл атқа мінісімен «Әйдә, тарт!» деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сұтыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шалдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалай тартып берді».

**2-мәтін.**

**Телефонхат**

Талдықорған қалалық радиохабарларын тарату басқармасына, радиоторап директоры Алдабердиевке.

Үстіміздегі жылдың 3- мамыры күні, қала әкімшілігі ғимаратының кіші залында, әкімнің орынбасары Тәуелсіздік мерекесін өткізуді ұйымдастыруға байланысты кеңес өткізеді.

Қол қойған: қала әкімінің көмекшісі Әкімжанұлы.

Жіберген: Оспанқызы.

Анықтама телефоны: 64-42-01

30-сәуір, 2010 жыл, сағат 10.00

### **3-мәтін**

#### **Қазақ қазанатының қарымы қандай?**

Елімізде кейінгі жылдары ұлттық спорт түрлеріне, оның ішінде ат спортына көңіл бөлушілер қатары күрт көбейді. Алыс ауылдағылармен бірге қалалықтар да қазақтың қанында бар спорт түрлеріне ден қоя бастады.

«Егемен Қазақстан» 10.01.2010 ж. Н.Жақыпов мақаласынан үзінді.

### **III. Жаңа сабақ**

#### **Ғылыми стиль**

Түстер бойынша 3 топқа бөліну.

1. *Ой қозғау.* Ғылыми стиль дегеніміз не?

2. Іскерлік шеберлік. *Топтық жұмыс.* Оқулықтағы ережені оқып, постер жасау, қорғау.

**Түсініктеме. Ғылыми стиль** – жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі – мұнда ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде.

3. *Мәтінге сұрақ қою.*

1. Оқушылар түсініктеме мәтінді оқып, мәтінге сұрақтар қояды.

1.-----

2.-----

3.-----

Топтар бір-бірінің постеріне 2 жұлдыз, бір ұсыныс жазады.

**Білімді бекіту.**

**1-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

**Орындалатын іс-әрекет.**

1. Берілген мәтіннің ғылыми стильде жазылғандығын дәлелдейді.
2. Термин сөздерді тауып, дәптерге түсіреді.
3. Сөйлемдерінің жасалу құрылысына тілдік талдау жасайды.
4. «Буланады» сөзіне морфологиялық талдау жасайды.

**2- тапсырма.** Эмиграция, иммиграция, адамдардың, ал, басқа, шетелге, ата-мекендерінен, елге, қалуы, тұрақтап, деп аталады.

***Орындалатын іс-әрекет.***

1. Сөз тізбектерінен сөйлем құрайды.
2. Сөйлемнің стильдік сипаты мен қолданылатын орны туралы түсіндіреді.

**IV. Ой толғаныс. «Ғылыми стиль»**

***Орындалатын іс-әрекет***

1. Ғылыми стильдің қолданылатын орны
2. Қарым-қатынас мақсаты
3. Стильдік сипаттары
4. Тілдік құралдары

**V. Үйге тапсырма беру.** Өздері қызықтырып жүрген бір ғылыми мәселе жөнінде мәліметтерді қарап, хабарлама жасайды.

**VI. Оқушыларды бағалау.**